


Сабақты өзгерту – әлемді өзгерту

Сатекова Айгуль Тлешовна

Т. Айбергенов атындағы №16 орта мектеп.

Нұр-Сұлтан қаласы



Зерттеу сұрағы:

Оқу үрдісінде оқушылардың айтылым дағдысын жетілдіру үшін қандай әдіс-тәсілдер тиімді?

Мақсаты :

Айтылым дағдысын жетілдіру мақсатында қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділерін анықтау, оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қызығушылығын ояту, білім сапасын көтеру.

Өзектілігі:

Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін оқу-танымдық орта құру, қолайлы жағдай жасау

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар өз білімдері мен ұстанымдары туралы ойланады, бір-бірін оқытады, топпен бірігіп еңбектенеді, өз болжамдарына сыни көзқараспен қарауға үйренеді, өз пікірін фактілермен дәлелдеуге үйренеді

Әдіс-тәсілдер	Тиімді жақтары	Тиімсіз жақтары
Дебат-диалог	айтылым, тыңдалым әрекеттері жүзеге асады; есте сақтау қабілеттері жетіледі; өз ойын жеткізе білуге дағдыланады; бәсекелестік атмосфера	-
Мұражайға саяхат	топтағы бірауыздылық; өз ақпаратымен басқалармен бөлісу; зерттеушілік жұмыс	Уақыт көп кетеді; Дұрыс естімей, көрмей қалу;
«TED әңгімелері (talks)»	көпшіліктің алдында сөйлеу дағдылары қалыптасады; креативті ойлау, шығармашылық; сөйлеу мәдениеті	-
«Керемет пікірталас»	тақырып бойынша білімдері кеңейеді; өз ойын жеткізе білуге дағдыланады; бәсекелестік атмосфера; өз көзқарасын дәлелдейді; сөйлеу мәдениеті, тыңдау мәдениеті	Алғашқыда қатты шулады;
«Журналистік сұрақтар»	оқушылардың сұрақ қою дағдылары қалыптасады; тақырып әр қырынан зерттеледі; зерттеушілік жұмыс	Уақытты шектеп отыруды қажет етеді;
«Жасырын сурет»	есте сақтайды; сөздік қоры молаяды; қиялы дамиды; топ үшін жауапкершілік;	-



Мұғалімдерден алынған сауалнама нәтижесі:

Сұрақ	2017-2018		2018-2019	
	ИЯ %	ЖОҚ %	ИЯ %	ЖОҚ %
1. Lesson Study педагогтің кәсіби шеберлігін дамытуға септігін тигізді ме?	85,2	14,8	96,3	3,7
2. Lesson Study үдерісін мектепке енгізу әріптестер арасында сенім қағидаты және тату қарым-қатынастар орнауына септігін тигізе алды ма?	89,3	10,7	90,2	9,8
3. Сіздің сабақтарыңыздың сапасы мен тиімділігі артты ма?	83,4	16,6	95,1	4,9
4. Кәсіби тұрғыдан даму үшін педагогке не тиімді?				
Lesson Study үдерісі аясында әріптестерімен ынтымақтастық қарым-қатынас	69		72	
Санатын көтеру курстары	25		22	
Конференциялар, семинарлар	8		6	

Қандай өзгерістер болды?

Мұғалім	Оқушы
Мұғалімнің оқу үдерісіне деген көзқарасы өзгерді;	Өз болжамдарына сыни көзқараспен қарауға үйренді,
Оқыту тәсілдері өзгерді;	Өз пікірін фактілермен дәлелдеуге үйренді;
Әріптестерімен ынтымақтастық қарым-қатынас;	Өз түсініктерін тереңдетіп, кеңейте алады;
Қызығушылығы оянып, кәсіби тұрғыдан дамуы;	Жауапкершілікті сезінеді, яғни өз оқуы үшін өзі жауапты болады
Өз идеялары мен ой-мақсаттарын әріптестерінің де санасына сәуледей сіңіріп, соңынан ілестіріп көшбасшы бола алады	